

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызы.

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.03.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/151559/

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңызы.

Қазыбек би атындағы №36 мектебінің 10"В" сынып оқушысы-Темірбаев Асылбек

Ғылыми жетекшісі: Ержігітұлы Темірхан

Резюме

Пробуждение чувства патриотизма в человеке, воспитание духа нации.

Summary

Arousing the feeling of patriotism in a person, educating the spirit of the nation.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі

Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» деп патриотизм мәселесіне жан-жақты тоқталып өткен болатын. Жас ұрпақ тәрбиесі қоғамымызда аса маңызды рөл атқарады. Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі-бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Халқымыздың отансүйгіштік, патриоттық туралы ұлттық мұрасының даму тарихына үңілетін болсақ, ХҮ- ХҮІІ ғасырлардағы Асан қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет ақын- жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой-пікірлерінен көреміз.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі» — деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай өз тағдырын өзі шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екендігін байқаймыз.

Негізгі білім бастауышта болғандықтан, ұлттының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға оқушыларды жастайынан тәрбиелеу бастауыш мектеп мұғалімдерінің міндеті болмақ. Бастауыш сыныпта оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Оның жас балалар үшін пайдасы мен атқаратын рөлі зор.

Негізгі білім бастауышта болғандықтан, ұлттының әдет-ғұрып өнегесін, салтын сақтауға, саналы көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық мақтанышын туғызуға оқушыларды жастайынан тәрбиелеу бастауыш мектеп мұғалімдерінің міндеті болмақ. Бастауыш сыныпта оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал-мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Оның жас балалар үшін пайдасы мен атқаратын рөлі зор.

Дәстүрлі қазақ эпосы-ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде бүгінгі күні де халықтың жадында сақталып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра болып сақталып жетіп отыр. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы жас ұрпақты ерлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйреткен.

Ұлттық ойындардың да балаға тигізетін пайдасын халық ертеден- ақ білген. Қазақтың баланы жеті жасқа келгенде атқа мінгізіп, үзенгіні ұстатуы, ел болуға, өз ісіне жауапты болуға меңзегені де жақсы дәстүр. Жалпы кез- келген адам ерлік істеуге баруы үшін алдымен рухани тұрғыдан дайын болуы керек. Елімізде ондай ерлік істеуге елін, жерін сүйетін азаматтар әрқашанда рухани тұрғыдан дайын деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Соның бірден-бір дәлелі ретінде күні кеше ғана ғарыш көгіне самғаған жерлесіміз Айдын Айымбетовты айта кетсек жөн болар. Ақордадағы

марапаттау рәсімінде Елбасы Байқоңырдан осы йақытқа дейін 38 елдің ғарышкерлері ұшқанын атап айтты.Әрине сол мемлекеттердің ішінде Қазақстан да бар.Әрі қазақтың үш ғарышкерін мақтанышпен айтамыз.Сөйтіп, біз жер-жаһанда үш және одан да көп ғарышкерін ұшырған таңдаулы тоғыз елдің қатарына қосылдық.Айдын Айымбетов Елбасының жарлығымен «Халық Қаһарманы» атанды.Әрі «Қазақстанның ғарышкер ұшқышы»деген құрметті атақты еншіледі. Мемлекет басшысы ғарыш көгіне самғаған қазақ саңлағының кеудесіне «Отан» ордені мен Алтын Жұлдыз медалін өз қолымен тақты.Осылайша Айдын қазақтың даңқын әлемге тағы бір асырды.Айдын

Он күн қатарынан ғылыми зерттеу жүргізіп, адамзат үшін қауіпті саналатын радиация деңгейін анықтады. Айдын оралғанға дейін отандастары түгел тілекші болып отырды. Міне, осындай азаматтарды мақтан тұтамыз, және оқушыларымызға олардың қандай патриот екендігін дәріптеп отыруымыз керек.Осындай азаматтардан үлгі алуға болатынын үнемі айтамыз.Сонда ғана елін, жерін сүйетін азаматты тәрбиелей аламыз. Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға – жанмен, қанға — қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу.

Батылдық – қимыл, әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық.

Табандылық — батырлардың калканы.

Ожеттілік, кайсарлық — адамның тіпті мүмкін емес деген жағдайдың езінде абыроймен елімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті кулшыные.

Сондай-ак Бауыржан атамыз халықты ерлікке, патриоттыкка тәрбиелеуде артына кептеген мақал-мәтелдер, жақсы сездерін калдырган. Мысалы:

- Намысты нанга сатпа.
- Оз ултын сыйламау, оны мақтаныш етпеу — сатқындық.
- Именіп жүрін корген игіліктен — карсыласып жүріп корген бейнет артык.
- Огіріктін балын жалап тірі жүргенше — шындыктын уын ішін олген артык.
- Ерлік — елдің касиеті, жүректілік — жігіттің касиеті.
- Ешкім іштен батыр больш тумайды: батырлык та, мінез секілді оскен орта,
- керген тәрбиеге байланысты калыптасады.
- Батырлык туюкел мен акылдың есебінен шығуга тиіс. Тәуекел кейде акылды да актап алады. Ал акылсыз тәуекелді ештене де актап ала алмайды.

- Ерлік — тайсалмас табандылық пен кайыспас кайсарлықтан шығады.
- Оршіл рухтан — олмес ерлік туады.
- Белдескеннін — белін сындыр, гiрескеннін — тізесін буктір.
- Ентілік те — ерлік.
- Колбасшы болсан сондай бол — жосылып жатқан жолдай бол.

Осындай тағы да баска батырлық, ерлік, талім-тәрбие, осиег, тағлым туралы біздерге осиег сездер калдырган.

Патриоттық тербие, ултык намыс, ултык сана-сезім рухани байлықтан корініс табады. Олай болса, рухани байлықка, ен алдымен, тілімізді, дінімізді, салт — дәстүрімізді жаткызсақ, тіл — казак болуымыз үшін, дін — адам болуымыз үшін, салт — дәстүр — улт болуымыз үшін кажет.

Туйнді ой айтсақ : біз устаздар кауымы окушы бойында патриоттық сезімін

бастауыш сыныптан кальптастырып, жоғарты сыныпта улгі корсете білсек окушыларымыз елін суйетін ерлер болатыны сезсіз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.